



## ТЫЛСЫМ

# Қызыл су

Күткен емес, күтпеген жерден келіп, сан соқтыратын табиғат тылсымы биыл да «әдетінен жаңылған» жоқ. Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданына қызыл су араға 30 жыл салып, айналып соқты. Доброжановка, Донецкое, Многоцветное және Ясная Поляна елді мекендерінен 100-ден аса адам қауіпсіз жерге көшіріліп, ауданда төтенше жағдай жарияланды. Бірнеше отбасы мектепте түнеп шыққан.

Қостанай қаласының іргесіндегі жасанды дамбыны қызыл су бұзып кету қаупі бар.

Қарағанды:

Нарбақ су қоймасында **бөгет бұзылды**

СҚО, **Ғ.Мүсірепов ауданы:**

**Көпір бұзылды**

Батыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды облыстарында:

**480** адам қауіпсіз жерге көшірілді

СҚО, Тайынша ауданы:

**7** ауылды су басты **70** тұрғын мектепте түнеді

СҚО, Красная поле ауылы:

**150** тұрғын баспанасыз қалды



«ЕРМЕГИЯЕВ ІСІ»

3



АГРОӨНДІРІС: СЕРПІЛІС КЕРЕК

4



МЕКТЕПТЕГІ «МАМАЛАР»

6

@ on the web

www.jasqazaq.kz  
arda.com.kz

## ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Смартфонсыз да өмір қызық екен!



## БІЗДІҢ СУХБАТ

# Ғасыр ғибраты

Бұл шаңыраққа әр келген сайын сұмдық бір толқынысты күйді бастан кешемін. Уақыт-ағзамның ағысын кері бұрып, дәл бір ғасыр кейін шегінгендей әсерленемін. Себебі бұл табалдырыққа кімнің табаны тимеді десеңізші! Қазақтың небір марғасқалары осы шаңыраққа келіп, берекелі дастарқаннан дәм татты. Алаштың айтулы азаматтары айналып өтпейтін бұл үй шынымен-ақ тарихтың тірі куәгеріндей.



(Жалғасы 7-бетте)



## БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)

**38,96**

DOLLAR

**342,5**

EURO

**388**

РУБЛЬ

**5,01**

## ҰЛТ САУЛЫҒЫ

# AIDS –



## ажал хабаршысы

XXI ғасырдың індетіне айналып отырған АИТВ мен ЖИТС-тің адам өміріне төңірек қаупі қандай? Көкшетауда өткен «Жас қазақ» конференциясына қатысқан мамандар осы сауалдың жауабын іздеп көрді...

(Жалғасы 5-бетте)

## БАСПАСӨЗ – 2016

Жазылу индексі **65032**

# ЖАС ҚАЗАҚ

Бұрынғыдай «Қазпоштаға» бармай-ақ, үйде отырып, ғаламтор арқылы газетімізге жазылыңыз!

**WWW.postmarket.kz**

сайты арқылы да жазылып, газетті мекенжайыңыз бойынша **ҮЙІҢІЗГЕ АЛДЫРА АЛАСЫЗ!**



Билік

# Таулы Қарабақ: ахуалды ушықтырмау басты мәселе



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Әзірбайжан және Армения президенттерімен телефон арқылы сөйлесті.

Илхам Әлиев және Серж Саргсянмен әңгіме барысында Нұрсұлтан Назарбаев Таулы Қарабақ аймағында таяуда болған оқиға барысында қарапайым адамдар мен әскери қызметшілердің қаза болуына байланысты көңіл айтты. Президент екі ел басшыларын Таулы Қарабақтағы ахуалды ушықтырмауға және бейбіт

келіссөздерді халықаралық құқыққа толық сәйкестікте қайта қалпына келтіруге шақырды. Бұл ретте ЕҚЫҰ-ның Минск тобына айрықша рөл беріледі. Бұған дейін Елбасы Ресей президенті Владимир Путинмен де телефон арқылы сөйлесті. Екі ел басшысы екіжақты ынтымақтастықтың перспективаларын талқылап, өңірлік

және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Таулы Қарабақтағы қазіргі ахуалға айрықша назар аударылды. Мемлекет басшылары қақтығысушы тараптарды оқ атуды доғару режимін қамтамасыз етуге және бейбіт келіссөзді қайта қалпына келтіруге шақырды. Сондай-ақ еуразиялық интеграция, атап айтқанда, алдағы уақытта Астанада өткізу жоспарланып отырған Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысы мәселесін талқыланды.

## АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

200

мыңға жуық Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшысы өтемақысыз қалуы мүмкін

1,2

трлн теңге. Екінші деңгейдегі банктерге қайтарылмаған несиенің көлемі

6

млрд доллар. «Қазақстан темір жолы» компаниясының қарызы

2

млн. Астанада құны осынша теңгені құрайтын электр кабелі ұрланды

Жауабы

«Ағас Қазақұлы»

Сауалы

Еділ ӘЗІМШАЙЫҚ, Алматы қалалық мемлекеттік кіріс департаменті салық заңнамасына түсінік беру басқармасының жетекшісі:

– Бізге екі ұсыныс түсті. Қазіргі заңнамаға сәйкес, егер жеке тұлға сатып алған бағасының 10 пайызын салық ретінде төлеуге тиісті. Екіншісі, 5 жыл аралығында сатылымға шыққан үйді салықтан босату туралы ұсыныс. Мысалы, сіз өзіңіздің тұрған үйіңізді белгілі бір себеппен сататын болсаңыз, 5 жыл көлемінде салықтан босатыласыз. Рас, мұның екеуі де әзірге бізге келіп түскен ұсыныс ғана. Бұл жерде әртүрлі алыпсатарлық оқиғаның да туындауы әбден мүмкін. Сондықтан аталып отырған мәселе әлі де толыққанды зерттеу мен талқылауды қажет етеді.

– 2017 жылдан бастап жылжымайтын мүлік сатқан отандастарымыздан 10 пайыз салық алынуы мүмкін. Осы ақпарат қаншалықты шындыққа жанасады?

АПТАНЫҢ АЙЛАСЫ

Ақбота ЖЫЛЫСОВА, «Алматы су холдингі» МКМ қоғаммен байланыс бөлімінің маманы:

«Соңғы үш айдың өзінде 1100 үйді су жүйесінен ажыратқан болатынбыз. Бірақ одан су құбырына заңсыз қосылғандардың саны азайып жатқан жоқ. Әсіресе, Алатау ауданында заңбұзушылар көп. Ұрлап жүргендердің басым бөлігі ауқатты тұрғындар. Қазір Алматы қаласы бойынша суды үйіне заңсыз қостырған 3800 отбасы бар. «Су желісі» кәсіпорнының қызметкерлері арнайы құралмен сол заңсыз қосылғандарды анықтайды»

АНАНГЕЗ

Нұрлан СЕРҒАЗИНОВ, Семей қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі жетекшісінің міндетін атқарушы:

«Көпірде жасалып отырған жөндеу жұмыстары құрылыс нормасы мен ережесіне сай емес. Түнде мейлі күндіз ауа температурасы 10 градус шамасында болуы керек. Сол кезде жөндеу жұмысын бастау керек. Түсінесіздер ме? Қазір жасалып жатыр. Алайда осы апта жаңбырлы болады деп күтілуде. Келесі аптада жөндеген жолыңыз қайта қалпына келеді»

Әлеумет.t<sup>0</sup>

Рәкетті көгендеу керек!

Бізге «Коллекторлық қызмет туралы» заң керек. Бірақ Ұлттық Банк Мәжіліске әкелген заң жобасында «нормальный» норма жоқ! Норманың түрі мынадай: Коллектордың (қарызды қайтаруды іске асырушы) кешкі сағат 21.00-ден таңғы 08-00-ге дейін борышкердің мазасын алуға құқығы жоқ. «Қарызды қайтар!» деп түнде кім кімнің мазасын алады?!. Ресейлік арнадан коллектордың жұртқа қалай коқаңдайтынын көріп отырмыз ғой. Борышкердің есігіне қызыл бояумен: «Қарызды қайтар!» деп жазғаны былай тұрсын, ұрып-соғып, үйін өртеп кетіп жатыр. Бізге осыдан сабақ алу керек. Коллектор қызметін қатан шектейтін норма қабылдануы тиіс.

Екінші мәселе – банктің қарызы. Миллиондаған қарыз және 40 мың теңгенің қарызы бар. Екінші қарыз ешкімнің басын ауыртпайды. Оны қазір жеке сот орындаушысы институты дәлелдеп отыр. Ол ұсақ несиені қайтаруға құлықсыз. Керісінше, ірі көлемдегі несиені қайтаруға бар күш-жігерін жұмсайды. Ұсақ қарыз осылайша көбейіп келеді. Бұл – ойланатын нәрсе. Банкте қайтарылуды неғайбыл борыш деген бар. Мысалы, үмітсіз борыш көлемі – 1 млн теңге делік. Банк коллекторға: «30 пайызын қайтар да, 70 пайызын өзің ал!» дейді. 300 мың теңгесін банкке беріп, 700 мың теңгені алуға кім келіспейді? Осы мәселені дұрыстап ойлану керек. Ойланбасақ, рәкетті өзіміз заңдастырып береміз.

Бұл заң жобасын бізге әкелгенде: «Халыққа қарсы заң» дегенім рас. Коллекторға қатан шектеу қоймасақ, рәкетті өзіміз заңдастырамыз. Коллектор халықты тонайтын бандит емес қой! Олай болса, құқықтық негізде жұмыс істесін. Заң жобасын дайындаған Ұлттық Банк «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, қаржыгермен, банкирмен кеңескен. Бірақ борышкермен тілдескен жан жоқ.

Борышкердің пікірі неге ескерілмеген? Сол себептен мен «Заң жобасын Үкіметке қайтарып жіберейік» деген ұсыныс айттым.

Мәселенің мәнісіне үнілеміз десек, мына көрсеткішке назар аударайық: Мемлекеттік несиенің бюросы ұсынған мәліметке жүгінсек, еліміздегі екінші деңгейдегі банктер мен микронесиелік ұйымдардан қарыз алғандар 5 млн 154 мың адамға жетті. Ал, еңдеше! Соның ішінде тұтыну несиесін алғандар – 1 млн 102 мың 905 адам! Бұлардың қарыз алғанына 90 күннен асып кеткен. Қайтарылмаған қарыздың көлемі – 1 трлн 224 млрд теңге. Яғни 1 миллионнан астам қазақстандық 1 триллионнан астам қарызды қайтармай отыр деген сөз. Бұл мәселенің көкесі емес пе?!

Қазіргі кезде елімізде 205 коллекторлық ұйым тіркеліпті. Олар банкке борышы бар азаматтың соңына түседі. Бірақ қалай жұмыс істейтіні түсініксіз. Міне, осы мәселені зерттеп-зерделеуіміз керек. Сол үшін мен жұмыс тобына мүше болдым. Ай-күннің аманында рәкетті заңдастыруға жол бермес үшін! Мысалы, біз Ресейден сабақ алуымызға болады. Олар «Коллекторлық қызмет туралы» екінші заңын қабылдады. Ең алдымен, коллектордың артық іс-қимылына тосқауыл қойды. Өміршең заң қабылдануы үшін, үздік шетелдік тәжірибені зерттеуіміз керек. Сол үшін Мәжілістің ақпарат-сараптамалық бөлімінен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдердің озық тәжірибесі туралы ақпарат сұраттым. Еуропалық тәжірибенің ең үздігін, өзімізге үйлесетін тұсын сол жерден аламыз. Сонда ғана нағыз халық мүддесін қорғайтын заң қабылдаймыз.

Зауал

2014 жыл

КӨКТӨБЕДЕ

415 АҒАШ КЕСІЛДІ

Алматы қаласы Табиғи ресурстар басқармасы:

Оталған ағаштың орнына 4150 жасыл желек отырғызылады

2016 жыл

Аптаның алаңы

Аружан САИН, «Мейірімділік» ерікті қоғамы» қорының директоры:

«Сақ болыңыздар! Біздің атымызды иеленіп, алаяқтар бала емі үшін ақша жинауда. Осы жолы өтірікшілердің құрбаны алматылық Дина Жанғазиеваның баласы Әкмал болып отыр. Егер кез келген жерден біздің қорға, біздің қордағы балалар үшін ақша жинап жатқанын көрсетіңдер, суретке түсіріп, полиция шақыруды сұраймын»



Жедел сұхбат



ЖАУАБЫ:

**Гүлжан ҚАРАҚҰСОВА,**  
Мәжілістің қаржы және бюджет комитетінің төрайымы:

— Қандай арзан қонақүйді айтасыз? Мемлекеттік құпияны білетін, қызметіне қол сұғылмайтын Парламент депутаты сағатына 1 мың теңге төлейтін жерде тұрсын дейсіз бе?! Депутат деген көшедегі адам емес қой! Сізге керегі осы ма? Әлемнің кез келген еліне барсаңыз, депутаттың үй-жайына ерекше қарайтынын көресіз. Бұл жерде дабырайтатын дәнеңе де жоқ. Себебі, заң бұзылған жоқ. «Парламент депутатының қызметі туралы» заңда оған мемлекет есебінен пәтер берілетіні анық жазылған. Бұған бюджетте жетерліктей ақша бар. Ал әзірше пәтер дайын болмағандықтан, 30 депутат қонақүйде тұрып жатыр. Пәтердің дайын болмаған себебі, бұрынғы депутаттың кейбірі әлі көшпеген. Ереже бойынша ол көшкен соң, пәтер жөнделіп, әктеліп, сырланып, жаңа тұрғынға беріледі. Айтпақшы, Мәжіліс жаңа құрамымен жұмысын бастағанына екі-ақ апта өтті. Менің айтарым: Кімге тұруына қалай жағдай жасалса, сол адам соған лайықты жұмыс істейді.

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САУАЛЫ:

— Гүлжан Жанпейісқызы, Сіз өңірден сайланған әріптесіңіздің Астанадағы 5 жұлдызды қонақүйде тұрып жатқанына қалай қарайсыз? Әлеуметтік желіде бұл қонақүйде баға қымбат деп шулап жатыр.



МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

«Мемлекеттік сатып алу байқауының нәтижесі бойынша «Солак» компаниясы (Бейжің Палас) ең төменгі бағаны ұсынып, жеңіп алды. Келісімшартқа сәйкес тәулігіне бір нөмірге 29 мың теңге төленеді. Бұл баға кейбір үш жұлдызды қонақүйлерден төмен. Қазір қонақүйде 31 Мәжіліс депутаты тұрады»

Парламент шаруашылық басқармасы

ҚОҒАМ



3

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

Құрық

— Кінәнізді мойндайсыз ба?  
— Жоқ, мойындамаймын.  
— Неге?  
— Өйткені, қылмыс істеген жоқпын.



Дубайдан қайтарылды

Бұл үлескерлердің баспана үшін жиып берген ақшасын калтасына басқан Мирхат Әлімбетовтің Астана әуежайында тілшілерге берген жауабы. 2012 жылы Дубайда ұсталған кәсіпкер 4 жыл бойы қолхатпен бостандықта жүрді. Осы аптада қолына кісен салынып, елге қайтарылды. Естеріңізде болса, ол

2005-2008 жылдары Астанадағы «Қыпшақ» тұрғын үй кешенін саламын деп, үлескерден 400 млн теңге жинап алған. Кейін бюджеттен құрылысқа бөлінген 430 млн теңгені тағы калтаға басып, елден қашып кетеді. Қазір 45 жастағы кәсіпкер қамауға алынып, тергеу амалы жүргізілуде.

Бұрынғы Мәжіліс депутаты, «Азбука жилья» компаниясының басшысы Ерқанат Тайжанов Австрия астанасында жасырынып жүр. Ол үлескерлердің 27 миллиард теңгесін жымқырды деп айыпталуда.

Сот

Әділхан ШАЙХИСЛАМОВ, судья:  
— Сотталушы Ермегияев, тұрыңыз. Сізге күлкілі ме? Үсенов сұраққа жауап беріп жатыр. Ал сізге күлкілі. Сіз цирктесіз бе?  
\* \* \*

Әділхан ШАЙХИСЛАМОВ, судья:  
— Онда неге күлесіз. Сізге ескерту жасаймын.

Қажымұрат ҮСЕНОВ, «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» АҚ құрылыс департаментінің бұрынғы директоры:

«Мен ЭКСПО-да жұмыс істегенімді мойындаймын. Ертрек кетуім керек еді. Параның берілетінін білдім. Бірақ менің қолымнан не келеді? Мен кішкентай адаммын ғой»



Талғат ЕРМЕГИЯЕВ, «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» АҚ бұрынғы басшысы:  
— Жоқ, күлкілі емес.

Талғат ЕРМЕГИЯЕВ, «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» АҚ бұрынғы басшысы:  
— «Айыптау маған түсінікті. Айыпты мойындамаймын. Проккурорлармен және жәбірленушілермен келісімге (айыптауды мойындату туралы) қол қоймаймын»

«Ермегияев ісі»

Әлібек АЙТЖАНОВ, прокурор:  
«Ермегияев сыбайластарымен келісіп, құжатқа көрме нысандарының құнын қолдан қымбаттатқан. Мәселен, бір компанияға 780 миллион теңге аударылған. Ал тексеру кезінде құрылыстың шығыны 438 миллион екені анықталды. Яғни қалған 342 миллионы ұрланған»

Сейіт СЕЙІТОВ, Soufork Ltd ЖШС атқарушы директоры:  
«Құрылыс алаңдары үшін менің компанияма бөлінген қаржыдан 45 миллион теңгені тікұшаққа төледік. Өйткені, нысандарды аралау үшін екі рет тікұшақ жалдадық. Ермегияевтің Кегендегі (Алматы облысы) коттедждердің құрылысымен танысуға келгенін өз көзіммен көрдім. Бұған 84 миллион теңге бөлінді. Параның тағы бір бөлігіне Ермегияевке арналған Mercedes-Benz автокөлігі сатылып алынды»

Есірткіні қарызға берген

Бір әулеттің үш еркегі келінімен бірге ұзақ жылдар бойы үйінде отырып, есірткі сатып келген.

ktk.kz сайты хабарлағандай, еш жерде жұмыс істемейтін отбасының ауқатты тұрмысы күдік тудырған. Тексере келе, олардың Түлкібас ауданының тұрғындарын есірткімен қамтып отырғаны анықталды. Тіпті марихуананы қарызға беріп отырыпты. Тінтуге келген тәртіп сақшылары өз көздеріне өздері сенбеді. Күдіктілер есеңгіретер өсімдікті көлігінен бастап, үйдің ішіне дейін толтырып тастаған. Енді есірткі саудагерлері ұзақ жылға абақтыға аттануы мүмкін.



Ақ халатты да пара береді



Шығыс Қазақстанда облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Вадим Овсянников тұтқындалды.

Ол өңірдегі ауруханалардың бірінші бас дәрігерінен 70 мың теңге пара алған сәтінде ұсталған. Қазір ол тергеу абақтысында отыр. Овсянников өңірдің денсаулық сақтау саласын 2012 жылдан бері басқарып келген. Оған дейін Жамбыл облысы әкімінің көмекшісі қызметін атқарыпты.



Мәссаған!

Бір бұйрықта 53 қате



Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ, Мәдениет және спорт министрі:

«Ол жердегі техникалық қате. Құжаттың түпнұсқасында ондай қате жоқ. Себебі ол компьютерге салынады. Соны шығару кезінде Қ әрпі К болып шығады. Ал Ә әрпі А сияқты шығады. Біздің журналистерге алғысымыз шексіз, себебі әрдайым алаңдаушылық танытады. Бір жағынан, сіздердің ықыластарыңыз өз міндеттерімізге мұқият бола түсуге мүмкіндік береді. Бұл өте дұрыс. Журналистер бар кезде, арқаны кеңге салуға уақыт жоқ»







## Министр таң қалды...

Ерлан  
САҒАДИЕВ,  
Білім және ғылым министрі:



«Елімізде жеңіл өнеркәсіптің дамуына тежеу болып тұрған негізгі мәселе Қытай, Түркия, Қырғызстаннан рәсімделмеген тауардың әкелінуі. Балалар киімінің денсаулыққа қауіпсіз емес екенін растайтын сертификатты алмай үлестіруде. Бүгінде елімізде балалар киімін тігетін отандық кәсіпорынның үлесі бұл нарықта 7 пайыз»

«Жас қазақ»  
жазып еді

## Малдың қырылғанына 90 ауа райы «кінәлі»



Ақтөбе облысының Хромтау ауданында мал қырылғаны туралы jasqazaq.kz сайтында хабарлаған едік. Көптоғай ауылының тұрғындары жолды қалың қар басып, жем-шөп таппай, қалған төрт түлігіне алаңдап отырғанын жаздық.

Ізінше аудан орталығынан арнайы комиссия құрылып, ауылға дереу жеткен. Бір күнде жолды аршып, тап-таза қылады. Солан, басқа шаруалары жоқтай, газетке хабарласқан адамды іздеген. Әкім-қаралар бастаған топ ауылды аралап жүріп, қойы қырылған Айбектің үйін де тауыпты. «Малым өліп жатыр» деп хабарластың ба? Мал дәрігеріне хабар бердің бе? Ауыл әкіміне айттың ба?» деп қарапайым шаруаны сұрақтың астына алғанға ұқсайды. Мұндайда, ауыл адамы не десін?! Айбек бірден бізге хабарласты. Ал біз Хромтау ауданы әкімінің орынбасарымын деп таныстырған Сәкен Шілманов есімді шенеунікпен телефон арқылы сөйлестік. Оның бұл жәйтқа қатысты өз нұсқасы бар:

— Ауылда 13 қожалық бар екен. Қай-қайсысы да, газетке хабарласса, Айбек

хабарласуы мүмкін деп жөн сілтеді. Өйткені, барлығының жағдайы жақсы. Қиналаса, ауыл адамдары ғой, бір-біріне көмектесеміз деп жатыр. «Барлығын айтса, Айбек айтуы мүмкін» деген соң, оған да барлық. Сөйтсек, өзінен болған екен. Айбектің қорасы кішкене ыңғайсыздау. Төбесінен ағаш құлап кеткен. Содан қойлары өліпті. Әйтпесе, бізге хабар берсе, көмектесеміз ғой. Жем-суын жеткізіп берер едік. Биыл қыс қатты болды. Жолды тазалап үлгермедік. Жем-шөбін, әрі кетсе, 7-10 күн жеткізе алмаған шығар. Әйтпесе, біз естіген жоқпыз. Газеттен оқып білдік. Егер көмектеспей жатсақ, бір сәрі. Хабарласқан кезде, бармай жатсақ, мәселе басқа.

Аскар Ақтілеу  
Ақтөбе

### Ықпалдастық

Ағымдағы жылдың 4-6 сәуір күндері аралығында өткен конференцияны сессия төрағасы, профессор Томас Хершвелд ашты. Ол басқосудың мәні мен маңызына егжей-тегжейлі тоқталып өтті. Аталған шараның негізгі ұйымдастырушысының бірі — **Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Тілектес ЕСПОЛОВ** өз сөзінде:

— Бүгінгі таңда елімізде 191 мыңнан астам агроқұрылым мен 1,5 миллионнан астам үй шаруашылығы бар. Ал агроқұрылымның 183 мыңнан астамы, яғни 95 пайызы — кәдімгі шаруа қожалығы. Сол шаруа қожалығының 40 пайызының ауыл шаруашылығына пайдаланатын жерінің көлемі — 10 гектардан аспайды. Ал қалғандарының жер көлемі — 50 гектардай болады. Мұндай шағын қожалықтармен ауыл шаруашылығын қалай дамыта аламыз? Оның үстіне, олардың өндіріп отырған тауарының бәсекеге қабілеттілігі төмендеу. Сондықтан, мұндай құрылымдарды кооперацияға біріктіріп, елімізде ірі аграрлық мекеме қалыптастыруымыз қажет. Сонда ғана, оларға инвестиция арқылы инновациялық технологияларды ендіре отырып, отандық брендке айнала алатын ет-сүт өнімін экспортқа көптеп шығара аламыз — дей келе, Ұлттық зерттеу университетіне трансформациялану үдерісін жүзеге асырып келе жатқан жоғары оқу орнының жеткен жетістіктерін баяндап, алдағы нақты стратегиялық, әріптестік бағыттағы жоба-жоспарларымен таныстырды.

Жиын барысында әр елден келген әлемнің беделді ғалымдары сөз сөйлеп, ауыл шаруашылығын жаңа бағытта дамыту жөніндегі пікірлерімен бөлісіп, тәжірибелерін ортаға салды:

**Мартин ПЕТРИК, профессор, Өтпелі экономикалы елдердегі аграрлық дамудың Лейбниц институты, Ауыл шаруашылығы саясаты Департаменті басшысының орынбасары (ІАМО, Германия):**

— Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірі — халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету болып отыр. Оның үстіне дағдарысқа байланысты барлық тағамның бағасы да едәуір артқан. Орталық Азия елдеріне тоқталатын болсақ, аталған кеңістіктің жер асты және жер үсті байлығы мен энергетика ресурсы аса мол. Сондай-ақ



ауыл шаруашылығы өнімімен өзін-өзі қамтамасыз ете алады. Қазақстанның ауыл шаруашылығына қолайлы жер көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндігі бар. Біздің ойымызша, мемлекет ауыл шаруашылығы өндірушілеріне бақылауды азайтып, фермердің өздігінен дамуына, әлемдік нарықта сұранысқа ие тауардың өнімділігін арттыруына мүмкіндік бергені дұрыс деп есептеймін.

Бүгінгі күні шаруа мен кәсіпкерді кооперацияға біріктірудің тиімді жағы көп айтылуда. Ол үшін ең алдымен кооперацияға біріккен жеке шаруа қожалықтары тиісті дәрежеде пайда көре алатындай етіп, арнайы стандарттар үлгісін дайындап алған дұрыс.

Фермерлерге қай салада сұраныс бар, сол қызметпен айналысуына қолдау көрсеткен дұрыс. Жалпы, өзге мемлекеттермен салыстырып қарасақ, Қазақстанда негізінен мал шаруашылығымен кәсіпкер жеке-дара, мемлекеттің қолдауынсыз өз күшімен айналысады. Олардың еңбек өнімділігін арттыру үшін шағын кәсіпкерлікке деген қалыптасқан көзқарасты өзгерту керек. Олардың мемлекеттік қолдау мен шағын пайызды несиеге қолжетімдігін қамтамасыз етуі тиіс. Міне, осындай қолдау болған кезде ғана шаруа өз кезегінде бойында бар барлық қуш-қайратымен жұмыс істеп, фермалардың өнімділігін арттыруда, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және халықты отандық өндірістің экологиялық таза өнімімен толықтай қамтуда үлкен жұмыс атқарады.

**Цви ЛЕРМАН, Еврей университетінің профессоры (Иерусалим):**

— Дәл қазіргі уақытта бидай экспорттаушы елдердің қошбасшыларының бірі саналатын Қазақстанның ғылыми-зерттеу мен аграрлық секторды ұйымдастырудың арқасында егінің өнімділігін одан әрі арттыруға барлық мүмкіндігі бар. Дәнді дақылдардан өзге жеміс-жидек пен көкөніс өсіру барынша дамыған. Дегенмен, тағы сол ғылыми-



зерттеудің арқасында әлемдік нарықта сұранысқа ие жемістің өндірісін арттыру керек деп есептеймін. Себебі ауыл шаруашылығы өнімі аз көлемде болса да міндетті түрде экспортқа шығарылуы тиіс. Мемлекеттің қолдауы, аграрлық секторды дұрыс ұйымдастыру арқылы Қазақстан әлемдік нарыққа тек дәнді дақылдарды ғана емес, өзге де ауыл шаруашылығы өнімін экспорттай алатын әлеуеті зор. Қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысып, бұл кәсіптің қыр-сырын жақсы меңгерген халық. Экономиканың негізгі кіріс көзі де дәл осы сала болмақ. Мемлекеттің арнайы саясаты, бағдарламасы арқылы мал өнімінің экспортын барынша арттыру қажет.

**Александр ПРИЩЕПОВ, Копенгаген университеті профессоры, Лейбниц атындағы Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің ауыл шаруашылық даму институтының ғылыми қызметкері (ІАМО):**

— Жаңа заманға сай бүгінде ауыл шаруашылығын дамытуға

жәрсеріктік мониторинг жүйесін енгізу маңызды рөл атқарады. Сөздің шыны керек, осыдан шамамен 10 жыл уақыт бұрын спутниктік жүйені ауыл шаруашылығына пайдалану туралы айтудың өзі орынсыздау болатын. Nasa, Еуропалық ғарыштық комиссия қызметтері болмаған кезде, ғарыштық ғылыми суреттердің бағасы өте қымбат болды. Ал қазір техника, компьютердің дамыған заманында оларды ғаламтор желісінен тегін-ақ алуымызға болады. Енді болашақта ауыл шаруашылығын дамыту, егістік жерлердің өнімділігін арттыру спутниктік мониторинг жүйесімен тығыз байланысты болады.

Қазақстан бүгінгі таңда негізінен бидай экспортына, дәнді дақылдар өсіруге көп көңіл бөледі. Ал бұдан біраз жыл бұрын бұл елде шаруашылықтың негізгі кіріс көзі мал шаруашылығы болған. Меніңше, бұл келешегі мол сала болып табылады. Оның үстіне Қазақстанда ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған «Агробизнес-2020» сияқты тиімді бағдарлама енгізілуде. Сондықтан сапалы мал өнімдерін экспортқа шығару үшін Қазақстанның әлеуеті өте жоғары деп есептеймін.



Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен өткен Халықаралық конференция жұмысына 30 елден 200-ге жуық белгілі ғалым зерттеушілер қатысты. Үш күнге созылған келелі жиын барысында ұйымдастырылған 27 сессия жұмысына 150 баяндама ұсынылды. Үш күндік халықаралық конференция-симпозиум жұмысында аграрлық білім мен ғылымның әр саласы бойынша семинар-талқылаулар өткізіліп, қорытынды жиында қатысушы елдер бірлескен меморандумға қол қойды.

**Маржан ҒАБДЫСАТТАР**  
Суреттерді түсірген  
**Мамыржан БОТАБЕКОВ**











Түйткіл

2016 жылдың қаңтар-ақпан айында әлі 16-ға толмаған 4 жасөспірім ойнақтап жүріп, от басыпты. Сорақысы сол, бұл Сарыарқа ауданындағы екі айдағы көрсеткіш. Атап айтарлығы, оның екеуі қалыпты отбасынан шыққан бала. Сарыарқа ауданының аға прокуроры Марат Байболатов зұлымдықтың түп-тамырын әлеуметтік желіден көреді. Өз ойын ол былай жеткізді: «Жасөспірім қыз әлеуметтік желіден үлкен ерекпен танысады. Кейінірек оң мен солын айырмайтын қыз сезімге қарсылық таныта алмай қалады. Кәмелетке толмаған қызбен жыныстық қатынасқа (ол екіжақты келісім арқылы болса да) түсу — қылмыс екенін жұрттың бәрі біле бермейді. Бірақ баланы жәбірлеуге қатысты мұндай бір ғана іс сотқа дейін жеткен. Қалған оқиғада екі тараптың бітісуімен, тіпті азаматтық некеге отыруымен аяқталған». Прокурорлар бұған тосқауыл қою үшін әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізіп, ерте жүктілік тобына бейім жандарды анықтамақ.

Айтпақшы, педагог-мамандар жасөспірімнің жүкті болуына мектептің де кінәсі бар деген дерек келтірді. Сөз кезегін алған Бағлан Сматаева, Астана қалалық білім баскармасы басшысының бірінші орынбасары «Неліктен мұндайда бірден мектепті кінәлай кетеміз? Жұрт мектеп директорын жазалауды талап етеді. Ал ата-анамен қашан жұмыс істейміз?» деп айқайлап жіберді. Әрине, бұған жиылған жұрттың 95 пайызы (мектеп директорлары) дуылдатып шапалақ ұрды. Қызық болғанда, жүкті болған оқушы қыз мектеп басшылығы үшін демографиялық және кадрлық бомба көрінеді! Өйткені, мектептегі «маманың» кесірінен педагог-психолог жұмыссыз қалады. Оған қоса «Апам да аң-тан, мен де аң-тан» дегендей, мұғалім атаулы оқушының жүкті болғанын түсіне алмай дал. Өйткені, олар мектеп партасында балаға ізгіліктің, ақыл мен білімнің дөнін себеді. Бірақ жыныстық қатынас туралы ләм-мим деп ауыз ашпайды. Мұғалімдердің, тіпті тыйым салынған тақырыпқа қарсылығынан



валеология деген пән жабылып тынды. Сайып келгенде, педагог қауымы арифметикалық тәсілмен есептеп, жүктілік жағдайында мектептің бар-жоғы 0,25 пайыз кінәсі бар, қалған пайызына ата-ана мен қоғам кінәлі деген дәйек келтірді.

Дәрігер-маман пікірі бұдан бөлектеу. Астана қалалық денсаулық сақтау баскармасының штаттан тыс акушер-гинекологы Халида Шәріпованың пікірінше, сұрықсыз статистика мектепте жыныстық қатынас, жасөспірімнің жүктілігі, түсік тастау және оның зияны туралы пән енгізуге қажеттілік туғызуда. «Жасөспірім қыздар тек қауіпсіз жыныстық қатынастың ережесін сақтамағанның жүкті болмайды. Мұның тағы бір себебі — ерте некелесу. Мыңдаған кәмелетке толмаған қыздарды күйеуге береді, — делі ол басқосуда. — Дәрігерлер жасөспірім ағзасында асқынуды ауытқу жоғары болатынына қарамастан, білікті медициналық күтім арқылы нәрестені сау күйінде туғызуда мүмкіндік барын айтады. Оның үстіне қыз баланың түсік жасатудан гөрі бала тууы ағзасына пайдалырақ. Сондықтан мектепте жүктілік орын алған кезде қыздың жасы емес, оны әлеуметтік қолдау аса маңызды.

Шындығына келсек, біздің қоғам мезгіл мәселесін әрі-бері талқылаудан аса алмайды. Сонда мұның алдын алу үшін не істеу керек? Бұл сауалдың жауабын Марат Байболатовтан сұрадық. «Бұл мәселе шешімін табуы үшін бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруымыз қажет, — делі ол. — Ең алдымен, елімізде жасөспірімнің жүктілігі үшін жауапкершілікке тартуды ойластырған абзал. Мәселен, мектеп психологының жауапкершілігі. Біздің қолымызда мынадай факт бар. Жасөспірім қыз жүктілігінің 30 аптасында дәрігердің көмегіне жүгінген. Яғни 9 ай жүкті болып жүріп, бала туатын кезде денсаулық сақтау баскармасына барған. Сонда 9 ай бойы не мектеп инспекторы, не психолог, не сынып жетекшісі ештеңе білмегені ме? Бұл, біріншіден, мектеп психологының қателігі. Екіншіден, үйдегі ата-анасының жіберген қателігі. Мысалы, қазір жасөспірім алкогольдік сусын ішсе немесе түнде үйінде болмаса, ата-анасын жазалауы мүмкін. Бірақ ерте жыныстық қатынасқа түскені үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Мынадай оқиға болған: Бір жасөспірім қыз екі рет: 2014 жылы және 2015 жылы түсік жасатқан. Демек, ол белсенді түрде жыныстық қатынасқа түсіп жүрген. Олай болса, оның ата-анасын жазалау мәселесін көтеругіміз керек». Ал бұл мәселе туралы қоғамның ойы қандай?

Елімізде жасөспірімнің 10 пайызы 14 жасқа дейін (!), 50 пайызы — 19 жасқа дейін жыныстық қатынасқа өрте түскен. Жыл сайын еліміздегі 15-тен 19 жасқа дейінгі 20 мың қыз жүкті болып, соның ішіндегі 10 мыңы — түсік жасатады екен. Мұндай масқара, сұрықсыз статистика жақында елорданың Сарыарқа аудандық прокуратурасында өткен жиында айтылды. Шындығында, «Не істеу керек?» деген сауалға жауап іздеудің орнына басқосуға жиылғандар кінәліні іздеді.



Суретті салған Асиян МҰСТАФА

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ:

## ЖҰРТ НЕ ДЕЙДІ?

Дина НҮРСЕРІКҚЫЗЫ, ата-ана:

«Меніңше, кейбір ата-ана өз баласын өзі бүлдіреді. Баласы кітап оқымаса да, қымбат қалта телефонның сатып әпереді. Ол телефоннан баласының не көріп, оқып отырғанын қадағаламайды. Үйде жалғыз отыратын бала ғаламтордан нешестүрлі жаман киноны көреді. Соған еліктейді. Атап айтарлығы, ауыл баласы мен қала баласының мінезі екі бөлек. Ауыл баласы аздап болса да кітап оқиды, ата-анасына шаруаға көмектеседі. Қала баласы күні-түні телефонда не компьютерде ойнап отырады. Сабақ тапсырмасын ғаламтордан көшіре салады. Математика есебін есептегіш құралмен шығарады. Ойлау қабілеті дамымайды»

Әсия ХАЙРУЛЛИНА, Қазақстан Президенті жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі:



«Елімізде жыл сайын орташа есеппен 3 мың кәмелетке толмағандар некеге отырады. Бұл бірнеше мәселе туындатып отыр. Біріншіден, бала туу жасөспірім қыздың денсаулығына зиянын тигізеді. Қазір бізде дінге бет бұрғандар көбейде. Сол себептен жастайынан қызды күйеуге береді. Екіншіден, жүкті болған жасөспірім білім ала алмай, жұмыссыздар қатарына қосылады. Ата-анасы оның денсаулығы мен болашағына жауапты болуы керек. Алайда жүкті болған жасөспірімнің ата-анасы «басты жауына» айналады. Болмысымыз сондай. Көп жағдайда өмірден сүрінген қызды кінәлап, одан теріс айналамыз. Ал ондай қыз түсік жасатады не үйінен безеді. Не өмірмен қош айтысып, асылып қалады. Не туған баласын қоқыс жәшігіне тастайды. Алматыдағы тастанды баланың 30 пайызға жуығының анасы — 18 жасқа толмаған қыздар. Егер жасөспірім қыз мұндайға ұрынбасын десе, ата-анасы оның жыныстық сауаттылығына көңіл бөлін»

## СӨЗ ТҮЙІНІ:

Қалай десек те, дауасыз дерттің арыны қатты. Ұлтымыздың ажалы содан болып жүрмесін. Онсыз да рухани экспансия күннен-күнге күшейіп, қазақ батыстың лас мәдениетін «жұтып» жатыр. Ұлттық тәрбиеден ажырап барамыз. Қырық үйден тыйым көрмеген қыз, ата дәстүрінен тәлім алмаған үл көбейді. Қыздың ары — елдің, ұлттың ары деген түсінік жойылып бара жатқандай. Қапы қалма, қазақ! Ұятсыз ұлынды, қылықсыз қызынды дер кезінде тыйып үлгер!

Төлен ТІЛЕУБАЙ,  
Астана

Жақсымен өткен жарты сағат

Ерлан Әбдірұлы: Ермахан мырза, сіз журналистсіз, публицистсіз, жазушысыз, журфакта дәріс оқыған ұстазсыз. Бірақ Ермахан Шайхыұлы десе, сатирик деп білеміз. Бұл сіздің көңіліңізге тимей ме?



Ермахан Шайхыұлы:

Ермахан Шайхыұлы: Көңіліме тимейді. Иә, ел мені сатирик деп танып жатады. Өйткені, сатира жанрына сонау мектеп қабырғасында жүргенде қалам тарта бастадым. Тұңғыш шығармаларым «Ара» журналында, «Лениншіл жас» газетінің «Сүзеген сөз» атты сатира айдарында, «Социалистік Қазақстан» газетінің «Мүйіз тұмсық» деген бетінде, «Қазақ әдебиеті» басылымының «Кожанасыр қоржыны» деген бетінде жарық көрді. Алғашқы кітаптарым да әзіл әңгімелер жинағы: «Ауыз тие отырыңыз», «Біртүрлі кітап», «Жатыпатар», «Мынауың жынды екен», «Қазіргі қазақ сатирасы». Өзің айтып отырғандай, мен сатира ғана жазбаймын ғой. Соны дәлелдеу мақсатында 2010 жылы «Шылдыр шүмек» деген атпен балаларға арналған кітап шығардым. Негізі,

«Қазақтың табиғатына сай келмейтін шетелдің анекдотын сахнаға шығару жиілеп кетті. Бұл — күлетін нәрсе емес. Солардың бірі — ене тақырыбы. Біздің халық енесін анасындай құрметтейтін еді. Ал біз бұл тақырыпты орыстан алдық та, өзіміздің қоғамға тықпаладық. Театрға күлу үшін барып, жылап қайтқан кездеріміз аз емес». «Жарты сағат» бағдарламасына қонаққа келген белгілі журналист, публицист, сатирик Ермахан Шайхыұлы осылай деді. «Неге қарап қуанасыз?» — деген дәстүрлі сұрағымызды да қойдық. Жауабын сұхбаттан оқи аласыздар.

балалар тақырыбына да сол оқушы кезімде-ақ ауыз салғанмын. Бірақ жүйелі түрде қолға алмаппын. Бала күнінен бастап жазған жанылтпаш, өлең, жұмбақтарды жинаққа қостым. «Әріп әлемі» де негізінен балаларға арналған ғой. Ерлан Әбдірұлы: Өткен жылы «жылдың үздік сатирасы» аталымы бойынша «Алтын қалам» әдеби байқауының жеңімпазы атандыңыз. Үздік сатираға лайықты болған

Ермахан Шайхыұлы: Артықшылығы көп. Мәселен, бір акынның шығармасына сын айтқыңыз келсе — пародия таптырмайтын тәсіл. Пародия қалай жазылады? Сын-пікіріңізді акынның өзіне өз өлеңі арқылы буын, бунағы, ұйқасын, формасын сақтай отырып жазсаңыз, ол акын сізге ешқандай дау айта алмайды. Бұл - сатираның ұтымды түсі. Біздің қазақ — ештеңеден қорықпайтын батыр халық. Алайда күлкіге қалудан қатты қорқамыз. Сейіт Кенжахметұлы ағамыздың сөзі бар: «Күлдіре білу — өнер, күле білу — өмір, ал күлкі болу - өлім».

Ерлан Әбдірұлы: Сатирик — әдебиет сыншысынан кем болмауы керек дейсіз ғой... Ермахан Шайхыұлы: Дұрыс айтасыз. Сатирик — сын айтуға лайықты болуы тиіс. Ерлан Әбдірұлы: Аға, сатиралық шығарманың арқылы біреуді ренжіткен кезіңіз болды ма? Ермахан Шайхыұлы: Шығармасын сынап жатсаң, құр сынап қоймай әжуалап жатсаң, кім ренжімесін?! Бірақ ешкім алдыма келіп айтқан емес. Студент кезімде үлкен акын-

жазушыларды қатты сынап жібергем. Сол кезде біреулерден сәлем айтып жібергендер болды. Ал эпиграмма арқылы жазған сыныма ешкім ренжіген жоқ. Керісінше, риза болғандар бар. Солардың бірі — әйгілі Кәукен Кенжетәев атамыз еді. Ерлан Әбдірұлы: Журфакта сабақ бердіңіз. Жас сатириктер дегенде есімізге түсетін Қанағат Әбілқайырдың өзі қырыққа жакындап қалды. Шәкірт тәрбиелей алдыңыз ба? Ермахан Шайхыұлы: Журналистика факультетінде Темірбек Қожакеевтен кейін сатираның арнаулы курсы жүргізуді маған жүктеді. Сол тұста мен «Егемен Қазақстан» газетінің «Біртүрлі бет» деген сатира жанрына арналған айдарын жүргізетін едім. Бұл мен үшін өте онтайлы болды. Шәкірттерді теория мен практиканы ұштастыра отырып, тәрбиелеуге тырыстым. Мәселен, фельетон жанры бойынша сабақ өтсек, студенттерге фельетон жазып келуді тапсырамын. Солардың арасынан іріктеп, жақсы жазылған шығарманы «Біртүрлі бетке» жарияладым. Кейіннен «Айқын» газетінің «Жатыпатар» атты қосымшасына шықты. Бұл әдіс балаларға шабыт сыйлап, қанат бітірді. Сол кезде сатираға келген Қанат Ескендір, Қанағат Әбілқайыр, Олжас Қасым, Асхат Қылышбек секілді шәкірттерім бар.

Ерлан Әбдірұлы: Қазақ — үш арысдың біріне күлкіні жатқызады. Біз қазір не нәрсеге күліп жүрміз?

Ермахан Шайхыұлы: Қазақтың табиғатына сай келмейтін шетелдің анекдотын сахнаға шығару жиілеп кетті. Бұл - күлетін нәрсе емес. Солардың бірі — ене тақырыбы. Біздің халық енесін анасындай құрметтейтін еді. Ал біз бұл тақырыпты орыстан алдық та, өзіміздің қоғамға тықпаладық. Театрға күлу үшін барып, жылап қайтқан кездеріміз аз емес. Ошақтың үш тағанындай — автор, актер және режиссердің тағамы жоғарыламаса, біз арыс күлкіден ажырамаймыз. Қазір

Тұрсынбек Қабатов деген жігіттің «Әзіл әлемі» театры көңілімнен шығып жүр. Халық Тұрсынбекті неге жақсы көреді? Өйткені, ол күнделікті тұрмыс-тіршілігімізді әзілмен әдемілеп жеткізеді.

Ерлан Әбдірұлы: Аға, неден қорқасыз?

Ермахан Шайхыұлы: Екіжүзділікпен, сатқындықтан және табанының бүрі жоқ адамдардан қорқам.

Ерлан Әбдірұлы: Неге қарап қуанасыз?

Ермахан Шайхыұлы: Жастарға қарап қуанамын. Олардың Тәуелсіз елі бар, сансыз мүмкіндіктері бар. Олар «мен — қазақтың» деп бүкіл әлемге именбей айта алады. Рухы мықты! Ата дінін қорықпай ұстана алады.

Ерлан Әбдірұлы: Қандай өкінішіңіз бар?

Ермахан Шайхыұлы: Жас кезде бос өтіп кеткен көп уақыт бар. Мазмұнды қылып өткізбеппін. Күшімді білімге, тіл үйренуге жұмсамаппын.

Ерлан Әбдірұлы: Қандай арманыңыз бар?

Ермахан Шайхыұлы: Менің арманымның барлығы ұлттыма, еліме, жеріме қатысты. Тәуелсіздігіміз мәңгі, сәбилеріміздің ұйқысы тыныш болса екен!



Ықшамдап дайындаған  
Қарлыға ТЕМІРҒАЛИ







(Басы 1-бетте)

**Хабиба ЕЛЕБЕКОВА,***Қазақстан еңбек сіңірген артисі:*

**Сан саусақтың табы қалған көне қабырғалар тарих тереңінің тағылымын толғайтындай. Әрине, уақыт дегенін жасамай тұрмайды. Қазір ол арыстарымыздың бірі де жоқ. Барлығы бақилық болған. Бірақ бір қуантарлығы – мұнда кеше мен бүгіннің арасындағы сол бір рухани байланысты үзбей, өткеннің тағылымын бүгінге жеткізуші бір жан бар. Ол – Жүсіпбек Елебековтей ән арысының аяулы жары, тарихтың тағылымын тамыздық етіп, ошағының отын өшірмей отырған шырақшы, ғасыр талғамындағы ғұмыр иесі Хабиба Елебекова апамыз. Ғасыр–ғұмырында әжсенің көрмегені, басынан өткермегені жоқ. Тарихтың талай сәулелі һәм тауқыметті жылдарының жалғыз тірі куәгері. Әр амандаса барған сайын өткен күннің жаңа парағын ашқандай, қазақ өнері мен мәдениеті, әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан жандармен қауышқандай қобалжымтын. Әдемі әңгімеге деген құштарлық бүгін де кейуананың есігін қақтырды.**



**Жас қазақ:** Апа, биыл тарихына 90 жыл толтырып отырған М.Әуезов театрында қызмет еткеніңізге 81 жыл толып отыр екен. Аз уақыт емес. Бар ғұмырыңызды арнауға киелі қарашыраққа қалай келген едіңіз?

**Хабиба Елебекова:** Біз отбасында төрт қыз едік. Менен үлкен апайым Дәлила қазақ қыздарынан шыққан ең алғашқы әртістерінің бірі болды. 1926 жылы Қызылордада М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясында Еңлікті ең бірінші ойнаған актриса. Әкеміз қыз баланың бұйығы, жасқаншақ болып өсуіне қарсы болатын. Қайта, керісінше, көпшіліктің ортасына өзімен бірге ала жүріп, ән салғызып, ұялып-қысылмауын талап ететін. Мысалы, мені, кішкентай күнімнен бастап жиын-тойларға, әр түрлі ас берулерге бірге ертіп жүрді. Алғашында маған мұның ешбірі титтей де қызық болмайтын. Бірақ уақыт өте келе әкемінің бұл әрекетінің «ел көрсін, жер көрсін» деген игі тілектен туған көрегендігі екендігін түсіндім, әрі кейінгі өмір жолыма да, жазған кітаптарыма да ғұмырлық азық болды.

1934 жылы Қарқаралы округ болып құрылды. Соған байланысты театр ашып, алғашқылардың бірі болып аталған өнер ордасына 17 жасымда әртістікке қабылдандым. Міне, сол кезде театрдағы ең алғашқы ойыным Қаллекиге ұнап қалыпты. Менің Жүсіпбекті көз тоқтатып бірінші көруім де осында болды. Спектакльден соң Қаллекі мені өзіне шақырып алып, жағдайыммен танысты. Сол тұста біздің жанымызға Жүсекең де келе қалды. Әңгіме салған жерден басталды.

— Шырағым, Жүсіпбектің жолдасы жоқ. Әйел табылмай жүрген жоқ. Бірақ дәл біз ойлағандай кісі кездеспей жүр. Кейде мұның ұнатқаны менің сынымнан өте алмай қалады. «Осы дұрыс-ау» деген менің ойымды бұл құптай қоймайды. Сонымен біраз уақыт өтіп кеткен жай бар. Енді екеуіміз де бірдей сенін басына тоқтадық. Жүсіпбекке өмірлік жолдас болсаң деп отырмын. Тіпті оған келіспесен де, сені Алматыға ала кетіп, театрға орналастырсам деймін. Ертең Баянауылға жүреміз, қайтып келе жатып алып кетеміз,

актриса ретінде театрға жұмысқа қабылдандым. Содан бері осы ортадамын.

**Жас қазақ:** Ұлы М.Әуезов «Әншіліктің ғана емес, адамгершіліктің де академигі» деп баға берген ән еркесі — Жүсіпбек Елебековтің керемет әншілігімен қатар, аса сымбатты адам болғанын да естеліктерден білеміз. Сіздің де көркінізге көз тояды. Үнемі халықтың алдында жүрген қос бірдей әртіс бір-бірін қызғанбай, қалай тату-тәтті өмір кешті?

**Хабиба Елебекова:** Енді, әрине, сүйсең қызғанасын ғой. Бірақ мен жарыма сендім. Жүсекең де маған шексіз сенім танытты. Мәселен, Сұлтан Қожықовтың қойшының өмірі жайындағы киносына түсу барысында төрт ай бойы далада жүрдік. Сол кезде құмды жер іздеп, Түркіменстанмен шектесетін шекараның манайына келіп, шекарашылар тұратын екі үйді түсірілім біткенше тұрақ еттік. Бірінші үйде отбасымен келген ерлі-зайыпты әртістер жатса, екінші

**Менің бақытым — Жүсекеңдей жаны асыл адамға жар болғаным, сондай жанмен тағдырымның тоғысқаны. Мендегі ендігі мұрат — шамам келгенше, білгенімді артыма қалдырсам, ұрпақ ғұмырлық ғибрат алса деймін. Мұның бәрі тасқа басылған тарих қой, өлмейді. Бір өкініштісі, жастарымыз тарихты терең біле бермейді. Сондықтан да, айналайын қызым, өткенді білмей келешек өркендемейтінін ұмытпаңдар!**

алмайды. Мұндай кездерде де Жүсекең менің өнеріме түсіністікпен қарайтын, сенетін. Соның арқасы да болар, отбасымыздың мызғымас ынтымағын сақтай алғанымыз. Тағы бір айтарым: «Әйел болып тудын ба? Әйел болып өл! Әйел сұлулықты тілейді. Кез келген ер адам әйелі

әдемі болып отырса, сол әсемдіктен рахаттанады. Әйел өзінің сұлу болғанын қандай қаласа, еркек ол сұлулықты бірнеше есе артық тілейді. Сондықтан әйел болып тудын ба, әйелдің сұлулығын сақтауға тиістісін.

**Жас қазақ:** Апа, үнемі сөзіңізді

Сәбираға (*С.Майқанова. — авт.*): «Үстіңдегі киіміңе жолақты шәлі жарасады» деп, етегі сан түрлі түспен көмкерілген шарфты алғызды. Маған: «Сенің өңінді мына алқызыл гүлді жасыл мойынорағыш жақсы ашады» — деп кеңес берді. Біз де сол тарихи күннен естелік болсын деп, Сәкен тандап берген мойынорағыштарымызбен Шәкенді ортаға алып, суретке түсіп едік. Ол жәдігер де мұрағатымда сақтаулы.

**Жас қазақ:** Апа, ашаршылық жылдары туғандарыңыздан түгелдей айырылып, жалғыз

**Менің бір жақсы жерім, құдайдың құдіреті, өткен күндерім бүгінгідей көз алдымда тұрады. Ел ұмытып қалдық дейді ғой. Мен ешқашан ұмытпаймын, санамда барлығы сайрап жатады. Кейде ұйықтай алмаймын, көз алдымнан сол зұлмат заман көлбеңдеп өте береді. Жүсекеңмен өткен бақытты күндерім емес, ата-ана, туған-туыстан айырылған тауқыметті тағдырым ойдан кетпейді. Таңға дейін кірпік ілмей шығатын кездерім болады. Ұйықтап кетсем, бейіттің ішінде жүремін. Ылғи соларды ойлаймын, сондықтан шығар. Кейде жатып жылап та аламын.**

Мағжанның өленімен түйіндеп отырсыз. Жалпы, өзіңіз Мағжанды көріп пе едіңіз?

**Хабиба Елебекова:** Мағжанды көргенім жоқ. Өміренің өзімен де жүздесе алмадым ғой. Ол 1934 жылы қайтыс болған. Ал мен Алматыға 1935 жылы келдім. Ол уақытта тым жас болдым, ұялшақтығым бар. Таным денгейім теңеспей-тіндей тартыншақтап жүрдім. Бірақ ақын өленіне деген махаббатым өте ерте оянды. Ол уақытта Мағжанның кітабы жоқ. Бұрынырақта араб қарпімен шыққан жыр жинағы Сапекеннің (*Сапарғали Бегелин — авт.*) үйінде ғана бар. «Әкеп берші, айналайын! Сен сұрасан берері» — деп Жүсекеңе жалынып жүріп алғызамын да, бас алмай оқимын. Ізденген, оқыған жастарды Сапекен де жақсы көреді: «Ой, мына Хабиба өткен нәрселерді білгісі келіп тұрады. Жақсы екен» деп риза болатын. Мағжанның өлендері терең ғой. Үлкен астар, философияға құрылады. Ақынның сол жұмбақтығына ғашық болдым.

Ұнаған шумақтарды

қалдыңыз. Жастық шағыңыз жақындарыңызды жоқтаумен өтті. 37-нің зұлматын да көзіңізбен көрдіңіз. Абай атамыз айтпақшы, Сіз ішпеген у бар ма?..

**Хабиба Елебекова:** Қарағым, мен қазақ қасіретінің барлығын дерлік көрдім. Ашаршылық жылдары әулетіміздегі 17 жаннан қу басым қуарып жападан-жалғыз өзім қалдым. Ол бір қиын кезең еді. Әкемді Атырауға жер аударып жіберді. Айдауда жүріп аштан өлген. Әкеміздің інісі бір ұл, екі қызымен қолымызда болушы еді, олар да аштықтан кетті. Күлөнда деген үлкен апайымыздың да шанырағы аштықтың салдарынан ойран болды. Күйеуі мен екі баласына аш тиіп, қайыр сұрап жүріп қайтыс болды. Ақтоғай ауданында еңбек етіп жүрген Харира деген апайым мен мұғалім жездемнің де түбіне аштық жетті. Аштан өлген кісінің моласы жоқ қой, бір ұыс топырақ бұйырмай, сүйектері далада шашылып қалды. (*Апа көзіне жас алып, біраз үнсіз қалды*)

Менің бір жақсы жерім, құдайдың құдіреті, өткен күндерім бүгінгідей көз алдымда тұрады. Ел ұмытып қалдық дейді ғой. Мен ешқашан ұмытпаймын, санамда барлығы сайрап жатады. Кейде ұйықтай алмаймын, көз алдымнан сол зұлмат заман көлбеңдеп өте береді. Жүсекеңмен өткен бақытты күндерім емес, ата-ана, туған-туыстан айырылған тауқыметті тағдырым ойдан кетпейді. Таңға дейін кірпік ілмей шығатын кездерім болады. Ұйықтап кетсем, бейіттің ішінде жүремін. Ылғи соларды ойлаймын, сондықтан шығар. Кейде жатып жылап та аламын.

**Жас қазақ:** Осындай зұлматты көзіңізбен көрдіңіз. Не түйдіңіз? Жастарға қандай бата берсіз?

**Хабиба Елебекова:** Басымыздан өткен небір қиыншылықтарға қарамастан, мен өмірде бақытты адаммын. Тауқыметті болса да, тарихтың сәулелі сәттерінің куәсі болдым. Ұлтымыздың келешегі үшін өлшеусіз еңбек сіңірген талай арыстарымызды көзіммен көріп, дәмдес, пікірлес, мүдделес болдым. Менің бақытым — Жүсекеңдей жаны асыл адамға жар болғаным, сондай жанмен тағдырымның тоғысқаны. Мендегі ендігі мұрат — шамам келгенше, білгенімді артыма қалдырсам, ұрпақ ғұмырлық ғибрат алса деймін. Мұның бәрі тасқа басылған тарих қой, өлмейді. Бір өкініштісі, жастарымыз тарихты терең біле бермейді. Сондықтан да айналайын қызым, өткенді білмей келешек өркендемейтінін ұмытпаңдар! Жассындар ғой. Жас та болса жасампаз, ізденімпаз болыңдар! Мағжанның сенген жастары сендерсіңдер! Осыны естен шығармандар! Енді халқымыз мұндай зұлматты көрмейтін болсын! Жазықсыз жапа шегіп, нақактан окқа ұшқан, қасіретпен көз жұмған боздақтарымызға тағзым етемін.

Өлмейтін адам жоқ. Менің арманым — атак емес, тілегім — өлгеннен кейін артымнан жаман сөздің ермегені. Барлық тілегім — осы ғана. Ешкім о дүниеге атакты да, байлықты да алып кетпейтін көрінеді. Барлығы қалады екен. «Бала үшін сөйтім» деудің де қажеті жоқ. Баласы ақылды болса, өз күнін өзі көреді, ал ақымақ болса, миллиард ақшаң болса да түкке тұрмайды.

*...Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын олар,  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін!  
Тау суындай гүрілдер,  
Айбанды Алаш елім бер,  
Алтын арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!  
Мен сенемін жастарға,  
Алаш атын аспанға,  
Шығарар олар бір таңда,  
Мен жастарға сенемін!*

Апа өлен оқыды. Сөз соның, әдеттегіше Мағжанның сөзімен түйіндеді. Бізге үлкен міндет артып, осылай шығарып салды. Дана қарияның сөзінің астарында қандай салмақтың жатқанын сезінсек те, неге екенін білмейміз, жүрек түкпірінде бәрібір «Мағжандай марғасқа ағалар артқан сол сенімге саймыз ба? — деген жалқы сауал мазалай берді... Біз Сіздерге қарыздармыз!

**Иә, ғасыр ғұмырды еңсерген апамыздың ғибратты әңгімесі жасымызға да, жасамысымызға да тағылым боларлықтай-ақ. Ендеше, ауырмай, ортамызда ұзақ жасаңыз, апа! Торқалы тойыңыз құтты болсын!**



Заң бәріне ортақ қой,  
Ережеге көніңіз.  
Сондықтан да шенеунік,  
Министрлер үйіне,  
Смартфонсыз келіңіз.



Суретті түсірген Елдос ӨМІРЗАҚ

## Бейжіңдегі ерекше ескерткіш




Қара күзден бері Қоныс пен Қайраттың басы қосыла қалса, әңгімесінің тақырыбы елдегі Есенбайдың Көкшетауға көшуі.

— Адам қалаға көшкеннен кейін жас кезінде келуі керек, — дейді Қоныс, — сонда қаланың тіршілігіне бірден бейімделіп, үйреніп кетеді. Әйтпесе жасы жер ортасынан ауғаннан кейін белгілі бір мамандығы жоқ адамға у-шуы көп қаланың не керектігі бар?

— Дұрыс айтасың, — деп қоштап қояды Қайрат та, — Есенбай көп болса аула сыпырар, одан басқа неге жарайды.

Есенбайдың өз қайғысы өзінде. Әзірге ауылдағы малын сатқан ақшасы күнкөрісіне жетіп жатыр. Тек ауылдағыдай емес, қалалық жерде бойын сыймайды екен. Бірер күн ағайын-туысын аралады, бірер апта жора-жолдасының босағасын аттап, шаңырағына сәлем берді. Бірі жақтырды, бірі жақтырмады. Шақырылмаған қонақты қуана қарсы алатын ауылдағыдай ақ пейіл мұнда жоқ екен. Барар жері шектелген соң көрші-қоланнан естіген қаланың жаңалықтарын жанына медет тұтып, сағыздай созылып өтпей қоятын уақытты өткеріп жүр еді. Бір күні Шучье қаласында ит төбелесі өтеді екен деген жаңалық сайтандай сап ете түскені. Көктен тілегені жерден табылған Есенбай қуанышы қойнына сыймай, көңілі алабұртып есіріп кетті. Шучье деген не тәйірі, жетпіс-ақ шақырым. Баяғыда елде



## Ит төбелестірудің кесірі

озат механизатор болып жүргенде алған «Жигулине» екі немересін салып айтылған жерге жетіп барды. Барса иттің небір сырттаны осында екен. Ауылда тұрғанда бұл да ит баккан. Қол басындай қандан ит. «Итін жаман десе» намыстанатын қазақ емес пе, құрдастары өзіне мін таба алмай қол басындай қандан итін кеміткенде, бұл сөз тауып кететін.

— Түн баласы ауыз жаппайтын сақ, құтты қонырау тәрізді, үйдін қасынан сабақты жіп жоғалмайды, — дейтін бұл, — тамақты да көп жемейді, бар болғаны жалғыз бауырсақ.

Ит төбелестіретін жерге нешестүрлі тұқым жиналыпты. Жүні түйенің шудасындай кавказ овчаркасы, ұрты жалбыраған, азу тісі ақсиган бульдог, әне біреуін қазақы төбеттер дейді.

— Ит — жеті қазынаның бірі. Қазынамызды осылай жұмалап жатыр-ау, — деді біреу.

— Ит түгілі адамды да ережесіз белдестіріп, ақша үшін төбелестіріп жатқан жоқ па, осы Бурабайдың баурайында, — дейді екіншісі.

— Бұл еріккен байлардың шаруасы. Жарлы-жақыбай күнін көре алмай жатқанда осындай иттерді жүздеген мың теңгеге сатып алып, таза ет беріп асырап, сосын қанды қырғынға салады. Бәйгеге де кейбіреулер мың доллар бәс тігеді екен, — делі білетін біреу.

Ит төбелес аз-кем ереже белгілеп, бәйге тіккен соң басталып та кетті. Алдымен сауырында бұршақ танбасы бар, құлағы мен құйрығы шорт кесілген кара төбет пен көкшулан

төбелесті. Кара төбет мойны ересен жуан, басы қазандай, жұп-жұмыр ит екен. Аяқтары да сіңірлі, жуан. Екі көзі қып-қызыл. Алдында ит түгіл жолбарыс тұрса да тайынатын түрі жоқ. Көкшуланды ырылдап келіп, бас салды. Ырылдағанда да күркіреген дауыс көмейден емес, анау зор кеудеден шығып жатқандай.

Бойындағы әр түгі найзадай тіп-тік болып, ашу-ызасын, денесіне сыймаған долылығын байкатып тұрғандай. Атылып келді де зор кеудемен көкшуланды қапсыз соғып жіберді. Көкшулан он бүйірлеп барып, омақаса құлады. Сол-ақ екен кара төбет шаптан алды. Зайыры бұрын жарып үйренген жырынды болды. Жуа шапка тісі бір тіліп еді, кара кан көкшуланның үстін жуып кетті. Ол да

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Оралбек ҚАЙСАНОВ, «Қансонар» аңшылар қауымдастығының кинология кеңесінің төрағасы:

— Шучьеде өткен ит төбелеске қатысымыз жоқ. Біз қай иттің қажыр-қайраты, батылдығы қаншалықты екенін білу үшін сынақ өткіземіз. Онда да ережеге сай. Біздің мақсат — қазақы төбеттердің, тазылардың тұқымын жақсарту. Шынында да, ит төбелестіруге заң бойынша тыйым салынған. Ол төбелесіп жатқандар қаны бұзылған иттер. Қазақтың таза қанды төбет иті бейбіт тұқым. Иесін, малын қорғағанда жанын беруге бар. Менде қазір 64 төбет бар. Біреуі де адамға ұмтылмайды, кісі қаппайды. Ежелгі жаратылған маң төбеттерді ақша үшін төбелестіру мүлде қате дүние.

кеудесінде жаны бар ит емес пе, бұлқына шығып, тіреспекші. Бірден үстемдік алған кара төбет ауызды құлак шекеге салды. Ақсиган азулар құлағы шорт кесілген шекеге найзадай қадалып босатар емес. Мына көріністі көргенде Есенбайдың қос немересі Аман мен Жолан шыңғырып жіберді. Көкшуланға жаны ашыды ма, әлде ауылдан көшкенде жұртта қалған қол басындай кара қанден естеріне түсті ме, екеуі көпке дейін солықтарын баса алмай

енкілдеп жылаған.

Мынадан кейін Есенбайдың ит төбелес көріп, мауқын басар шамасы қалмады. Екеуі екі жағынан еніреп жылап, етегін тарта берген соң ат басын қайтадан Көкшетауға бұрды.

Суық тиіп қалды ма екен Аман мен Жоланы інір қараңғысы үйірілген кезде ыстығы көтеріліп ауырды. Жәмілә әжесінің берген сүтінен кейін сәл-пәл тынышталып, көздері ілінді-ау. Бірақ түнімен Жоланы сөйлеп шықты. Жүйке дәрігеріне көрсету керек, — деді көршісі. Иттің төбелесін көріп, жүйкесі бұзылған ғой жүгірмектердің. Кан көрген деген онай ма?! Жолы болғыр, Жоланды түсінде ит талап жатқандай. Ит дейді тістеніп, ит дейді ынырысып. Танертен Жәмілә әжесі үшкірді, аласталды, келіні Күләмді дәрігерге әкетті екеуін. Есенбай енді қайтіп ит түгіл, күшік ұстаған жерге аттап баспаққа ант етіп отыр. Енді қайтсын.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

## Түрікше ноу-хау



Түркия. Көшедегі асхана



Директор — Бас редактор  
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Төлен ТІЛЕУБАЙ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор  
Руслан ДОСТАЕВ

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМедов

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК  
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)  
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54  
Тапсырыс — №2092;  
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сонымен қатар «Air Astana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуесжолдарының ұшақтарында бар.